

Ақтөбе қаласы бойынша 2016 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуі үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 1520 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 сәуірде № 4855 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қантарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандығы № 561-IV "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27 бабының 3 тармағына, 28 бабының 1, 3 тармақтарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 229 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2016 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 209 "Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 229 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2016 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығын іске асыру туралы" Қаулысына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жасақтау үшін 2016 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Ақтөбе қаласы бойынша он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Шақыруды өткізу жөніндегі іс-шараларды орындауға байланысты шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылсын.

3. Ұсынылсын:

1) "Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақыру бойынша іс-шараларды жүргізсін;

2) "Ақтөбе қалалық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге

асырсын;

3) "Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемелермен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құзіреті шегінде шақыруға байланысты іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. 2016 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестелері 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

5. Ауылдық округтер әкімдері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшылары шақырылушиларға оларды шақыру участкесіне шақырылғаны туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша адамдардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.М.Әлімовке және "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Қ.Сұндетовке жүктелсін.

7. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кала әкімі

Б.Сагын

Қала әкімдігінің
2016 жылғы 14 сәуірдегі
№ 1520 қаулысына
1 ҚОСЫМША

2016 жылдың сәуір-маусымында азаматтарды мерзімді

әскери қызметке шақыруды жүргізу

КЕСТЕСІ

| СӘУІР | | МАМЫР | | МАУСЫМ | |
|-------|-----------------------|-------|-----------------------|--------|-----------------------|
| Күні | Шақырылушилардың саны | Күні | Шақырылушилардың саны | Күні | Шақырылушилардың саны |
| 1 | 50 | 2 | 50 | 1 | 50 |
| 4 | 50 | 3 | 50 | 2 | 50 |
| 5 | 50 | 4 | 50 | 3 | 50 |
| 6 | 50 | 5 | 50 | 6 | 50 |
| 7 | 50 | 6 | 50 | 7 | 50 |
| 8 | 50 | 10 | 50 | 8 | 50 |
| 11 | 50 | 11 | 50 | 9 | 50 |
| 12 | 50 | 12 | 50 | 10 | 50 |
| 13 | 50 | 13 | 50 | 13 | 50 |
| 14 | 50 | 16 | 50 | 14 | 50 |
| 15 | 50 | 17 | 50 | 15 | 50 |
| 18 | 50 | 18 | 50 | 16 | 50 |
| 19 | 50 | 19 | 50 | 17 | 50 |
| 20 | 50 | 20 | 50 | 20 | 50 |

| | | | | | |
|----|----|----|----|----|----|
| 21 | 50 | 23 | 50 | 21 | 50 |
| 22 | 50 | 24 | 50 | 22 | 50 |
| 25 | 50 | 25 | 50 | 23 | 50 |
| 26 | 50 | 26 | 50 | 24 | 50 |
| 27 | 50 | 27 | 50 | 27 | 50 |
| 28 | 50 | 30 | 50 | 28 | 50 |
| 29 | 50 | 31 | 50 | 29 | 50 |
| | | | | 30 | 50 |

Қала әкімдігінің
2016 жылғы 14 сәуірдегі
№ 1520 қаулысына
2 ҚОСЫМША

**2016 жылдың қазан-желтоқсанында азаматтарды
мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу
КЕСТЕСІ**

| ҚАЗАН | | ҚАРАША | | ЖЕЛТОҚСАН | |
|-------|-----------------------|--------|-----------------------|-----------|-----------------------|
| Күні | Шақырылушылардың саны | Күні | Шақырылушылардың саны | Күні | Шақырылушылардың саны |
| 3 | 50 | 1 | 50 | 2 | 50 |
| 4 | 50 | 2 | 50 | 5 | 50 |
| 5 | 50 | 3 | 50 | 6 | 50 |
| 6 | 50 | 4 | 50 | 7 | 50 |
| 7 | 50 | 7 | 50 | 8 | 50 |
| 10 | 50 | 8 | 50 | 9 | 50 |
| 11 | 50 | 9 | 50 | 12 | 50 |
| 12 | 50 | 10 | 50 | 13 | 50 |
| 13 | 50 | 11 | 50 | 14 | 50 |
| 14 | 50 | 14 | 50 | 15 | 50 |
| 17 | 50 | 15 | 50 | 20 | 50 |
| 18 | 50 | 16 | 50 | 21 | 50 |
| 19 | 50 | 17 | 50 | 22 | 50 |
| 20 | 50 | 18 | 50 | 23 | 50 |
| 21 | 50 | 21 | 50 | 26 | 50 |
| 24 | 50 | 22 | 50 | 27 | 50 |
| 25 | 50 | 23 | 50 | 28 | 50 |
| 26 | 50 | 24 | 50 | 29 | 50 |
| 27 | 50 | 25 | 50 | 30 | 50 |
| 28 | 50 | 28 | 50 | | |
| 31 | 50 | 29 | 50 | | |
| | | 30 | 50 | | |